## Білім беру қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 195 қаулысы

«Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 2), 3) және 8) тармақшаларына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті - жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, рухани білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Білім беру саласындағы аумақтық бақылау департаменттері - бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру қызметін лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар болып;

3) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия беруді келісетін мемлекеттік органдар белгіленсін.

3. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *С.Ахметов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 28 ақпандағы
№ 195 қаулысымен
бекітілген

## Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.05.2014 № 549 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| р/с № | Біліктілік талаптары | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Бастауыш білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының кемінде 20% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу цикліне білім алушылар контингентіне шаққандағы оқу әдебиеті қорының болуы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиетінің тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 5. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 6. | Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | материалдық емес активтердің болуы | ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 2. Негізгі орта білімнің, жалпы орта білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санының кемінде 30% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес толық оқу цикліне білім алушылар контингентіне шаққандағы оқу әдебиеті қорының болуы | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 5. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br><br>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 7. | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жарақталуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 3. Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Штаттағы педагогтар үлесінің олардың жалпы санының кемінде 70% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің және (немесе) магистрлер үлесінің олардың жалпы санының кемінде 30% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына әрі техникалық және кәсіптік білімнің үлгілік оқу жоспарына сәйкес толық | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оқу цикліне білім алушылар контингенті не шаққандағы оқу әдебиеті қорының болуы | ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 5. | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жарақталуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 6. | Практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы | Сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттар көшірмелері | |
| 7. | Білім алушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі | Сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша ағымдағы оқу жылында бір маманға кететін шығыстар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.<br>Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| | | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 10. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br><br>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 4. Орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Штаттағы педагог қызметкерлер үлесінің олардың жалпы санының кемінде 70% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Жоғары және бірінші санаттағы оқытушылардың және (немесе) магистрлердің, ғылыми дәрежелі және атағы бар оқытушылар үлесінің олардың жалпы санының кемінде 40% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және орта білімнен кейінгі білімнің үлгілік оқу жоспарларына | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | сәйкес толық оқу цикліне білім алушылар контингентіне шаққандағы оқу және оқу-әдістемелік әдебиет қорының болуы, оның ішінде цифрлы тасымалдағыштардағы - оқу жоспарының 20%-нан кем емес (әскери мамандықтардан басқа) | нысаны (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлы тасымалдағыштардағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 5. | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жарақталуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды. |
| 6. | Практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы | Сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері | |
| 7. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.<br>Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 8. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы | Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| 9. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| 5. Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Білім беру ұйымының басшылығы бекіткен даярлық бейіні бойынша білім беру бағдарламаларының және оқу жоспарларының болуы | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген және білім беру ұйымының басшысы бекіткен білім беру бағдарламаларының және оқу жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Бейінді пәндер бойынша жоғары рухани білімі және жалпы білім беретін пәндер бойынша жоғары білімі бар штаттағы оқытушылардың болуы | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне дінтану сараптамасынан өткен, саны кемінде 50 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының болуы, | Оқу жоспарына сәйкес және дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу- әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Оқу жоспарына сәйкес және дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлық жеткізгіштердегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оның ішінде цифрлық жеткізгіштерде - оқу жоспарының кемінде 20 % | нысаны (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің оқу әдебиеті қорына берілген дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі | |
| 4. | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | 1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан деректер алу мүмкін болған жағдайда ұсынылмайды. |
| | | 2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| 5. | Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақталуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 6. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензияның мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 7. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. | Осы діни білім беру мекемесінің жұмыс істеу орындылығының негіздемесі бар республикалық діни бірлестік және өңірлік діни бірлестік қолдаухатының және Қазақстан Республикасының аумағында діни бірлестікті тіркеу туралы мәліметтердің болуы | 1. Республикалық діни бірлестік қолдаухатының көшірмесі<br>2. Өңірлік діни бірлестік қолдаухатының көшірмесі | Лицензиар діни бірлестіктің тіркелгені туралы мәліметті «Заңды тұлға» МДҚ АЖ-дан сұратады |
| 9. | Мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің сараптама қорытындысының болуы | Мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің қорытынды хатының көшірмесі | |
| 6. Жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 27.05.2014 № 549 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). | | |
| 2. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 3. | Ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер, академиялар үшін – сұратылып отырған мамандыққа сәйкес ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет жүргізу, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау; институттар (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін – педагогикалық қызмет, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау | Білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыстары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br>Оқытатын пәндер бейініне сәйкес соңғы үш жылда өткен курстары, пәндері, орны мен уақыты көрсетіле отырып, біліктілігін арттыру туралы ақпаратты қамтитын кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | Мемлекеттік білім беру тапсырыстары бойынша | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | бағдарламаларды іске асыратын мемлекеттік жоғары оқу орындары үшін: бір оқытушыға есептегенде студенттер контингентінің сәйкестігі – 8:1 медициналық жоғары оқу орындары үшін – 6:1 аспайды («Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа) | Сұратылып отырған мамандыққа алдын ала контингент туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 5. | Олардың жалпы санынан штаттағы оқытушылар үлесі, оның ішінде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының базалық циклдері мен бейінді пәндері бойынша: ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер, академиялар үшін кемінде 80%; институттар (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер) - кемінде 70%; педагогикалық мамандықтар үшін білім беру ұйымының түріне қарамастан кемінде 80% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | Ғылыми дәрежелері және атақтары бар, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының базалық және бейінді пәндер циклі бойынша оқытушылардың штаттағы оқытушылар қатарындағы үлесі ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері үшін кемінде 70%; ұлттық жоғары оқу орындары үшін кемінде 55%; университеттер, академиялар үшін кемінде 50%; институттар (жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін кемінде 45%; педагогикалық институттар үшін кемінде 50%; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | «Өнер» мамандықтарының тобы үшін ғылыми дәрежелері, сондай-ақ құрметті атақ иелері және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар кемінде 35%;<br>денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) мамандықтарының тобы бойынша ұлттық жоғары оқу орындары үшін кемінде 55%,<br>университеттер, академиялар үшін кемінде 50%,<br>соның ішінде-кемінде 10% жоғарғы дәрігерлік санаты бар, резидентураны бітірген оқытушылар;<br>Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылар үлесі, әскери атағы полковниктен төмен болмағанда, «спорт шебері» және одан жоғары атағы болған жағдайда кемінде 40% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | Жұмыс оқу жоспарына сәйкес толық оқу циклін қамтитын оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы.<br>Бұл ретте қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдар оқыту тілдері бойынша білім алушылар контингентіне барабар болуы тиіс.<br>Кітапхана қоры әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша соңғы 5 жылда;<br>жаратылыстану, техникалық, ауыл шаруашылығы пәндері | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | бойынша соңғы 10 жылда басылып шығарылған негізгі оқу әдебиетін қамтуы тиіс. Мамандықтың («Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа) оқу жоспарының базалық және бейінді пәндерінің цифрлық жеткізгіштердегі оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуі 40%-дан кем болмауы. Басқа кітапхана және ғылыми қорларымен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орындары арасында электрондық кітапханамен шарттарының болуы | жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлық жеткізгіштердегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | | Басқа кітапхана және ғылыми қорларымен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханамен шарттардың көшірмелері | |
| 8. | Кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті компьютерлік сыныптармен, материалдық-техникалық және оқу-зертхана базасымен, жабдықтарымен жарақтандырылуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу-зертхана базаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 9. | Студенттің бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі | Ағымдағы жылға сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі шығыс туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 10. | Практикадан өткізу базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы;<br>педагогикалық мамандықтар үшін педагогикалық практика базалары бойынша мектепке дейінгі, | Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен тікелей шарттардың болуы | жасалған шарттардың көшірмелері | |
| 11. | «Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері (осы біліктілік талаптарына 17-қосымшаға сәйкес Үлгілік шарт нысаны бойынша) | |
| 12. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 13. | Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 14. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | 1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br>2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан деректер алу мүмкін болған жағдайда ұсынылмайды |
| 7. "Магистр" академиялық дәрежесін бере отырып жоғары білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін: | | | |
| | | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру; педагогикалық мамандықтар үшін қазіргі заманғы педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу | Мамандыққа сәйкес бакалавриат мамандығы бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br>Қазіргі заманғы педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 3. | Магистранттарды даярлау мамандығының білім беру ұйымы ғылыми зерттеулерінің тақырыптарына сәйкестігі | Ұлттық ғылыми-техникалық ақпараттар орталығында тіркелген, жоғары оқу орнының негізгі және қосалқы тақырыптары бойынша ақпарат қамтылған, білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Тиісті даярлау бағыттары бойынша ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы | Ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің көшірмелері | Шетел тілінде жасалған келісімдер мен/немесе шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған нұсқасының қоса берілуі талап етіледі. |
| 5. | Тиісті мамандық бойынша штатта ғылым докторының немесе екі философия (PhD) докторының болуы; «Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобы үшін – ғылым докторының немесе философия (PhD) докторының болуы | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | Ғылыми дәрежелері және атақтары бар штаттағы оқытушылар үлесі оқытушылар санының кемінде | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | 70%-ы;<br>«Өнер» мамандықтарының тобы үшін ғылыми дәрежелері, сондай-ақ құрметті атақтары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар үлесі кемінде 60 %;<br>Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежелері және атақтары бар, әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі кемінде 60% | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 7. | Тиісті бейіндегі ғылыми дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми жарияланымдардың, магистрлік даярлық мамандығы бойынша оқу құралдарының авторы болып табылатын жетекші мамандардың, штаттағы оқытушылардың магистранттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы | Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары, көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. | «Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері (осы біліктілік талаптарына 17-қосымшаға сәйкес Үлгілік шарт нысаны бойынша) | |
| | Тиісті ғылыми мамандықтарды даярлау | Сұратылып отырған мамандықтың бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9. | бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы | базасының ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 10. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | 1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br>2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-ны деректер алу мүмкін болған жағдайда ұсынылмайды |
| 11. | Магистранттың бір жылғы оқуына арналған ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі | Ағымдағы оқу жылына сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі шығыс көлемі туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 12. | Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті және қазіргі заманғы талаптарға сай келетін оқу-зертхана жабдықтарымен жарақтандырылуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 13. | Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге жасалған шарттардың болуы | Практика базалары ретінде айқындалған, оның ішінде ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен шарттардың көшірмелері | Шетел тілінде жасалған шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызметтің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 15. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын (резидентура) білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері | |
| 2. | Кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық, кемінде 5 жыл клиникалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардың еңбектерінде ғылыми жарияланымдары, оқу құралдарының авторы болып табылатын даярлық бейіні бойынша штатта кемінде екі ғылыми дәрежелі маманның немесе ғылыми дәрежелі бір маманның және жоғары дәрігерлік санаты бар бір маманның болуы | Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Тиісті ғылыми мамандықтарды даярлау бойынша мамандандырылған ғылыми-әдістемелік, клиникалық, | Сұратылып отырған мамандықтың бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес - инкубаторының болуы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | материалдық-техникалық базаларының болуы | туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша) | |
| 4. | Қажетті құрал-жабдықтармен, зертханалармен, кітапханалармен қамтамасыз ету | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 5. | Тыңдаушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі қаулысында көзделген шығыстар деңгейіне сәйкестігі | Ағымдағы оқу жылына сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі шығыс көлемі туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 6. | Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен (ғылыми ұйымдарды қоспағанда) шарттың болуы | Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері | |
| 7. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пунктінің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-НЫ пайдалана отырып тексеріледі |
| 8. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |

кестенің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9. | Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық және материалдық емес активтердің болуы | 1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br>2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан деректер алу мүмкін болған жағдайда ұсынылмайды |
| 9. Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін бере отырып, бағдарламалар бойынша жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмесі | |
| 2. | Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежелері және атақтары бар, әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі 100%-нан кем болмауы | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 3. | Кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардағы еңбектерінде ғылыми жарияланымдардың, оқу құралдарының авторы болып | Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | табылатын әрбір ғылыми даярлау мамандығы бойынша кемінде бір штаттық ғылым докторының болуы | біліктілік талаптарына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 4. | Тиісті мамандық бойынша ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін ведомствоаралық келісімдердің болуы | Ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін келісімдердің көшірмелері | Шетел тілінде жасалған келісімдер ұсынылған, жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі |
| 5. | Тиісті ғылыми мамандықтарды даярлау бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, эксперименталдық және материалдық-техникалық базалардың болуы | Сұратылған мамандықтың бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 6. | Қажетті жабдықтармен, зертханалармен, кітапханамен қамтамасыз ету | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 7. | Тыңдаушының бір жылғы оқуына жұмсалатын ең төменгі шығыстардың, тиісті оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі тиісті нормативтік актілерде қарастырылған шығыстар деңгейіне сәйкестігі | Ағымдағы оқу жылына сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі шығыс көлемі туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 8. | Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдарымен келісім-шарттың болуы | Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдарымен сұратылып отырған мамандыққа сәйкес ретінде айқындалған ұйымдарымен шарттардың көшірмелері | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пунктінің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызметтің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-НЫ пайдалана отырып тексеріледі |
| 10. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектілерінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес) | |
| 11. | Беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншік не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі білім материалдық және материалдық емес активтердің болуы | 1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)<br>2. Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-ны деректер алу мүмкін болған жағдайда ұсынылмайды |
| 10. Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін бере отырып, докторантура бағдарламалары бойынша жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жөніндегі білім беру ұйымдарының және ғылыми ұйымдардың қызметі үшін: | | | |
| 1. | Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі | Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмесі | |
| 2. | Ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар саны кемінде 100 %;<br>«Өнер» мамандықтарының тобы үшін, оның ішінде құрметті атақтары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар саны кемінде 100 % | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Дәрежелері бар шетелдік ғалымдардың болуы: (PhD) философия докторы - кемінде біреу; тиісті мамандық бейіні бойынша доктор - кемінде біреу | Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша) | |
| 4. | Тиісті даярлық мамандықтары бойынша шетелдік ғалымдармен келісімдердің болуы | Шетелдік ғалымдармен келісімдердің көшірмелері | Шетел тілінде жасалған келісімдер ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі |
| 5. | Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес бакалавриаттың және магистратураның кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру | Бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша лицензиялардың болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 6. | Ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері (осы біліктілік талаптарына 17-қосымшаға сәйкес Үлгілік шарт нысаны бойынша) | |
| 7. | Докторантура бағдарламаларын іске асыратын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы | Аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми алмасу туралы шарттардың көшірмелері<br>Шетелдік жоғары оқу орнының тиісті бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәліктің көшірмелері | Шетел тілінде жасалған шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі |
| 8. | Тиісті ғылыми даярлық мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық және материалдық-техникалық базалардың болуы | Сұратылып отырған мамандық бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубатордың болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9. | Докторантура мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті ақпараттық желілерге қолжетімді компьютерлік сыныптармен, тиісті мамандық бойынша электрондық дерекқоры бар кітапханалық қормен жарақтандырылуы, ғылыми зертханалардың және мультимедиалық оқу материалдарының болуы | Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпараттар қамтылған оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 10. | Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту үшін шарттардың болуы | Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес практика базалары ретінде айқындалған, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен шарттардың көшірмелері | Шетел тілінде жасалған шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі |
| 11. | Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы | Медициналық пункттінің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі |
| 12. | Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы | Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | |
| 13. | Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы | Пайдалы оқу алаңы, материалдық -техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) | Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. |
| | | Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері | |

**Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын осы біліктілік талаптарында және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде қолданылатын қысқартулар мен белгілеулер:**

1) мәліметтер нысаны - электронды цифрлы қолтаңбамен расталатын мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы ақпаратты қамтитын, электрондық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нысандағы құжат;

2) «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ - берілген, тоқтатылған, қайта ресімделген, қызметін тоқтатқан және қайта күшіне енген лицензиялар туралы, сондай-ақ лицензиялауға жататын қызмет түрін (кіші түрін) жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы деректерді қамтитын ақпараттық жүйе, ол лицензиарларға берілетін лицензияның орталықтандырылған сәйкестендіру нөмірін қалыптастырады;

3) «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ - жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу және есепке алу саласындағы мәліметтерді автоматты түрде жинауға (енгізуге), өңдеуге, өзектілендіруге, сақтауға және талдауға арналған ақпараттық жүйе.

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
1-қосымша

**Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны**

________________________________
(білім беру ұйымының атауы)
(________________жағдай бойынша)

| № | Педагог /оқытушының Т.А.Ә | Туған жылы мен жері | Тұрғылықты мекен жайы | Базалық білімі, мамандығы, бітірген жылы | Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекен жайы) | Қосымша жұмыс орны (қоса атқару) | Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі* | Ғылыми дәрежесі, мамандығы, берілген жылы | | | Ғылыми атағы (бейіні бойынша), мамандығы, берілген жылы | | Оқыта пән |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Ғылым кандидаты | Ғылым докторы | Доктор ( PhD) | Доцент | Профессор | |
| | | | | | | | | | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ______________________ (Т.А.Ә.)

* - бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары үшін

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік

талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.05.2014 № 549 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны**

**____________________________________________________________________**

**(білім беру ұйымының атауы)**
**(_______________ жағдай бойынша)**

| Р/с № | Кәсіп, мамандық бойынша оқу пәні, қызмет түрі, оқыту және тәрбиелеу бағдарламасының бөлімі | Пәнді оқитын білім алушылардың саны (болжамды жинақталуы) | Оқу әдебиеті (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары) | Оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары) * | Данасының саны |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Барлығы: | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ______________________
(Т.А.Ә.)

Ескертпе * техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін толтырылады

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
3-қосымша

**Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны**

**_______________________________________**

**(білім беру ұйымының атауы)**
**(___________жағдай бойынша)**

| Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы | Медициналық пунктінің алаңы (ш.м.) | Медициналық қызметке лицензия туралы мәлімет (нөмірі) | ескертпе |
|---|---|---|---|
| | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ______________________ (Т.А.Ә)

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
4-қосымша

**Тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер нысаны__________________________________**
**(білім беру ұйымының атауы)**
**(____________жағдай бойынша)**

| Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы | Тамақтану объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана) | Өткізу қабілеті (отыратын орындар саны) | Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі) | Ескертпе (тамақтану объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету) |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы _________________________ (Т.А.Ә)

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
5-қосымша

**Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны**

________________________________
(білім беру ұйымының атауы)
(___________жағдай бойынша)

| Құрылыстың үлгісі (үлгі жоба, ыңғайластырылған, өзге) білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы | Материалдық қаржы активтерінің болуы (меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі) | Жалпы алаңы барлығы (ш.м.), пайдалы алаңы (ш.м.), оқу алаңы (ш.м.) | Үй-жайлардың түрі (кабинеттер, дәрісхана аудиторриялары, практикалық сабақтарға арналған кабинеттер, нақты мамандықтар, кәсіптер бойынша зертханалар мен шеберханалар, мәжіліс және дене шынықтыру залдары), әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы, олардың саны |
|---|---|---|---|
| | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ________________________ (Т.А.Ә.)

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.05.2014 № 549 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны**

| Ауданы көрсетілген ғимараттың (құрылыстың) нақты мекен-жайы | Атауы мен ауданы көрсетілген пәндер кабинеті* | Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу-тәжірибелік учаскелер, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары* (ш.м.) | Оқу зертханалары* (ш.м.) | Түрі, саны, шығарылым күні көрсетілген оқу-зертхана жабдықтарының тізбесі | Мәжіліс залы, спорт залы (ш.м.) | Компьютерлердің жалпы саны көрсетілген компьютерлік сыныптар (ш.м.), мультимедиалық техникалармен жарақталуын көрсету | Кітапх |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ________________________
(Т.А.Ә.)

Ескертпе *техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бөлінісінде беріледі

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
7-қосымша

**Бір маманға ең төменгі шығыстардың сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны***

| Мамандықтың атауы | Шығыстар көлемі* | |
|---|---|---|
| | 4 айға | 8 айға |
| | | |

Білім беру ұйымының басшысы ________________________ (Т.А.Ә.)

* - магистратура мамандықтары бойынша лицензия алған кезде ғылыми-педагогикалық магистратура үшін бөлек, бейіндік магистратура үшін бөлек көрсетілуі қажет

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
8-қосымша

**Цифрлы тасымалдағыштардағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер нысаны___________________________________**
**(білім беру ұйымының атауы)**
**(____________жағдай бойынша)**

| Р/с № | Кәсіп, мамандық бойынша оқу пәні | Атауы, жасалған жылы | Авторлары | Мегабайттағы көлемі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| Барлығы: | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы _____________________ (Т.А.Ә.)

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
9-қосымша

**Бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша лицензияның болуы туралы мәліметтер нысаны***

| № | Бакалавриат мамандығының атауы | Лицензияның нөмірі, берілген күні | Магистратура мамандығының атауы* | Лицензияның нөмірі берілген күні |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы _______________________ (Т.А.Ә.)

* - докторантура мамандығы бойынша лицензия алу кезінде толтырылады

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
10-қосымша

**Білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметтері туралы мәліметтер нысаны**

| № | ЖОО-да ғылыми-зерттеу зертханалардың, ғылыми орталықтардың саны | Орындауға ЖОО қатысатын (профессорлық-оқытушылар құрамының 100 адамына) ғылыми бағдарламалар және/немесе жобалардың атаулары | | | Ғылыми-зерттеу жұмыстарын толық қаржыландыру көлемі, барлығы: | | Бір штаттағы профессорлық-оқыту құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыла көлемі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ЖОО бас ұйым болып табылатын | Халықаралық жобалар, гранттар мен бағдарламалар бойынша орындалатын | ҚР Білім және ғылым министрлігі және басқа министрліктер үйлестіретін | Оның ішінде мемлекеттік бюджеттен | Басқа қаржыландыру көздерінен | |

Білім беру ұйымының басшысы ________________________ (Т.А.Ә.)

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
11-қосымша

**Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер нысаны***

| № | Оқытушының Т.А.Ә. | Тақырыптың атауы | Оқыған орны мен кезеңі | Оқыған ұйымның атауы | Сағаттар саны | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы _________________________ (Т.А.Ә.)

* - оқытушылар құрамы бойынша ақпарат сұратылып отырған мамандық бөлінісінде ұсынылады

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
12-қосымша

**Бір оқытушыға есептегендегі студенттер контингентінің сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны***

| Мамандықтың атауы | Сұралып отырған мамандық бойынша болжалды студенттер (адам) контингенті | | Сұралып отырған мамандық бойынша профессор-оқытушылар құрамы туралы мәліметтер (адам) | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | Мемлекеттік тілде | Орыс тілінде | Мемлекеттік тілде | Орыс тілінде |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ________________________ (Т.А.Ә.)

Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне
13-қосымша

**Қазіргі заманғы педагогикалық оқыту технологиялары саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы мәліметтер нысаны**

| № | Ғылыми-зерттеу жұмыстары тақырыбының атауы | Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығында тіркелгені туралы мәліметтер | Қаржыландыру көздері | Қаржыландыру көлемі | Іске асырылу мерзімі | Қоса орындаушылар (болған жағдайда) | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ________________________ (Т.А.Ә.)

Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне
14-қосымша

**Білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу жұмыс туралы мәліметтер нысаны**

| № | Ғылыми-зерттеу жұмыстары тақырыбының атауы | Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығында тіркелгені туралы мәліметтер | Қаржыландыру көздері | Қаржыландыру көлемі | Іске асырылу мерзімі | Қоса орындаушылар (болған жағдайда) | Тапсырыс берушілер (болған жағдайда) | Ескертп |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Білім беру ұйымының басшысы ________________________ (Т.А.Ә.)

Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік

талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
15-қосымша

Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.05.2014 № 549 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны**

| № | Ғылыми жетекшінің Т.А.Ә. | Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәреже беру туралы мәліметтер, резидентураны бітіргені туралы мәліметтер) туралы мәліметтер | Жұмыс өтілі (ғылыми-педагогикалық, клиникалық) | Жарияланымдар тізбесі | | | Оқу құралдарының тізбесі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | отандық басылымдарда | шетелдік басылымдарда | халықаралық конференция еңбектерінде | |
| | | | | | | | |

Білім беру ұйымының басшысы ___________________________________
(Т.А.Ә.)

Ескертпе* резидентура, магистратура мамандықтары үшін толтырылады

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
16-қосымша

**Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер нысаны***

| Ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубаторының болуы (қажеттісін таңдау) | Орналасқан мекенжайы | Меншік құқығында немесе шарт негізінде | Ескертпе (базаның қызметі туралы қысқаша ақпарат) |
|---|---|---|---|
| | | | |

Білім беру ұйымының басшысы _______________________ (Т.А.Ә.)

* - ақпараттар сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бөлісінде беріледі

Білім беру қызметін лицензиялау
кезінде қойылатын біліктілік
талаптарына және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттардың тізбесіне
17-қосымша

Ескерту. Біліктілік талаптары 17-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 27.05.2014 № 549 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға арналған үлгі шарт**

№ ______ 20__ ж. « __ » __________

__________ қаласы

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, Ереженің (Жарғының) негізінде әрекет ететін ______________________________________________ атынан ________________________________________________________________ бір тараптан және бұдан әрі Орындаушы деп аталатын, Жарғының негізінде әрекет ететін _______________________________________________________ атынан ______________________________________________________ екінші тараптан, төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. Шарттың нысанасы

1. ______________________________________________________________ ___________________________бағыты ____________________________________ _______________________________ тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы өзіне қабылдайды.
2. Негізгі кезеңдердің мазмұны мен орындалу мерзімі күнтізбелік жоспарда айқындалады.
3. Төменде тізбеленген құжаттар мен онда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:
1) Осы Шарт;
2) Жұмыстардың күнтізбелік жоспары;
3) Техникалық ерекшелік.

2. Біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштер

1. Жұмыстың бағыты:__________________________________________________
2. Қолданылу саласы:_________________________________________________

3. Түпкі нақты нәтиже:____________________________________________
4. Патент қабілеттілігі:__________________________________________
5. Ғылыми-техникалық деңгейі (жаңалық): ___________________________
6. Ғылыми-техникалық өнімді пайдалануды Тапсырыс беруші немесе Орындаушы жүзеге асырады:_________________________________________
7. Ғылыми-техникалық өнімді пайдалану түрі:_________________________

### 3. Шарттың жалпы сомасы мен төлеу шарттары

1. Шарттың жалпы сомасы барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, қызметтерді орындауға байланысты барлық шығындар құнын қоса алғанда, ____________ (жазумен) теңгені құрайды.
2. Орындаушының жұмыстарына ақыны Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен төлейді: ____________________________________________________________
3. Қаржыландыру көзі: _______________________________________________

### 4. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

1. Шартты орындаудың жекелеген кезеңдерінде және ол аяқталған соң Орындаушының ресімдеуіне және тапсыруына жататын ғылыми, техникалық және басқа да құжаттаманың тізбесі Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық саладағы қолданыстағы нормативтік құжаттарында айқындалған.
2. Шарттың жекелеген кезеңдері бойынша белгіленген тәртіппен ресімделген құжаттаманы беру ________ сайынғы орындалған жұмыстар актісімен және Орындаушының аннотацияланған есебімен жүзеге асырылады.
3. Орындаушы Тапсырыс берушіге жүргізілген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар туралы жылдық есепті «___»_____________20__ кешіктірмей ұсынуға міндеттенеді.
4. Жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда, Тапсырыс беруші жұмысты мерзімінен бұрын қабылдап, оған ақы төлеуге құқылы.
5. Егер жұмысты орындау процесінде теріс нәтиже алуға мәжбүр болатындығы немесе жұмысты одан әрі жүргізудің орынсыздығы анықталса, Орындаушы оны тоқтата тұруға, жұмыс тоқтатыла тұрған күннен кейін 5 (бес) күн мерзімде Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті.
Бұл жағдайда тараптар жұмысты жалғастырудың орындылығы және бағыттары туралы мәселені қарастыруға міндетті.

### 5. Тараптардың жауапкершілігі

1. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған кезде тараптар қолданыстағы заңнамада белгіленген шарттарда және тәртіппен жауапты болады.
2. Жұмыстар көрсетілген мерзімде орындалмаған жағдайда, Орындаушы
_____________________________________________________________________
3. Орындаушы жұмыстарды тиісінше орындамаған жағдайда
_____________________________________________________________________

6. Өзге талаптар

___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады және 20__ жылғы «__» ____ дейін қолданылады.
Тараптардың қалауы бойынша басқа талаптар:
1) жұмыс күнтізбелік жоспарға сәйкес орындалады;
2) ғылыми-зерттеу жұмысы «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ-да міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс;
3) үшінші тараптардың барлық шағым-талаптары бойынша Орындаушы жауапты болады.

Тараптардың заңды мекенжайлары

Орындаушы:
_________________________
_________________________
(қолы)
М.О.

Тапсырыс беруші:
_________________________
_________________________
(қолы)
М.О.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға арналған үлгі шартқа
1-қосымша

**Жұмыстардың күнтізбелік жоспары**

№ _____ шарт бойынша                20__ жылғы « __ » __________

___________________________________________________________________
(Орындаушының атауы)

Тақырыбы: ___________________________________________________________

| Тапсырма кезеңі, шифры | Шарт бойынша жұмыстардың атауы және оның орындалуының негізгі кезеңдері | Орындалу мерзімі | | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| | | басталуы | аяқталуы | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

**Тараптардың заңды мекенжайлары**

Орындаушы: Тапсырыс беруші:

______________________________ ______________________________

______________________________ ______________________________

(қолы) (қолы)

М.О. М.О.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-
конструкторлық жұмыстарды
орындауға арналған үлгі шартқа
2-қосымша

**Техникалық ерекшелік**

№ _____ шарт бойынша 20__ жылғы « __ » __________

_____________________________________________________________
(Орындаушының атауы)

| Жоба тақырыбының атауы | 20 ___ жылға арналған міндеттер | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

Тараптардың заңды мекенжайлары

Орындаушы: Тапсырыс беруші:

______________________________ ______________________________

______________________________ ______________________________

(қолы) (қолы)

М.О. М.О.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 28 ақпандағы
№ 195 қаулысына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына өтініш берушінің сәйкестігі бөлігінде білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия беруге келісім беретін мемлекеттік органдар**

| **Р/с №** | **Мемлекеттік орган** | **Лицензияланатын қызмет түрі** | **Лицензиянатын кіші қызмет түрі** | **Лицензиар** |
|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік | | Жоғары білім беру | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті | Білім беру қызметі | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру | министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті |
| | | | Рухани (діни) білім беру | |
| 2. | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті | Білім беру қызметі | Бастауыш білім беру | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық білім саласындағы бақылау департаменттері |
| | | | Негізгі орта білім беру | |
| | | | Жалпы орта білім беру | |
| | | | Техникалық және кәсіптік білім беру | |
| | | | Орта білімнен кейінгі білім беру | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 28 ақпандағы
№ 195 қаулысына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2007 ж, № 18, 202-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 мамырдағы № 506 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 28, 264-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 желтоқсандағы № 2020 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 57, 494-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 252 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 8-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж., № 25-26, 198-құжат).

5. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 888 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 51, 690-құжат).

6. «Білім беру қызметіне қойылатын лицензиялау ережесі мен оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1426 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 5, 92-құжат).

7. «Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы № 452 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 778 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 56, 771-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК